

Тарихты білу – еліңді білу

Адамзаттың білімге, ғылым мен өнерге деген құлшынысы ертеден бері қалыптасқандығы белгілі. Талай ғасырларды бастан кешкен адам баласы өз тәжірибесіне арқа сүйене отырып, қоғамның сан қилы, құпиясы көп салаларының арасында таңдап алған, алға жылжудың бірден-бір жолы - білім, ғылым екендігіне көз жеткізе білді.

Осы жолда қазіргі жастарға көмек берер мемлекеттік ұйымдардың бірі, әрі бірегейі - жоғарғы оқу орны болып табылады. Солардың бірі - Торғай төсіндегі, негізі 1972 жылы қаланған ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты. Бұл күні осы киелі шаңыраққа аттай 50 жыл толып отыр.

Институтымызда барлығы 30 мамандық бойынша студенттер қабылданатын болса, солардың ішіндегі әрбір адамның өзінің жеке пікірінің, ойының, сана-сезімінің қалыптасуына жол салатын «Тарих» мамандығы болып табылады. Себебі, тарихты білу - адамды интеллектуальды, қабілетті және саяси сауатты, тіпті азамат болып қалыптасуының көзі деп қабылдауға болады.

Біздің педагогикалық институтымыз 50 жылдық мерейтойын атап отырғанда, «Тарих» мамандығының ашылғанына да тура 30 жыл толып отыр. Алғашында қоғамдық пәндер кафедрасы болып құрылып, әр жылдары оны Қ.Файзов, А.Ақмурзин, филос. ғ.к. С.К.Мырзалин, т.ғ.к., доцент Н.К.Бектасова, т.ғ.к., доцент Е.И.Ибраев, т.ғ.к., доцент М.Д.Даркенов, т.ғ.д., профессор А.А.Ермолаев, т.ғ.к. Б.Ж.Абжапбаров, филос.ғ.к. Г.С.Конкина басқарып, өздерінің іскерліктерімен кафедра тарихында қалды.

Тарих ғылымы нақты дерекке, фактіге сүйенетін қоғамдық

ғылымдардың бастысы болып табылады. Ұлттық идеяны, ұлттық сана-сезім мен саяси мақсат-мүддені анықтауда да оның алатын орны ерекше екендігі анық. Осыған байланысты кафедра жанында өз студенттеріне толық білім беру үшін «Тарихты оқыту әдістемесі» және «Қазақстан тарихы», «Жалпы тарих» кабинеттері ашылған.

Кафедраның студенттері жыл сайын болатын Республикалық пәндік олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындармен оралуда.

Институтымызда профессорлық-оқытушылық құрамның кәсіби және жеке дамуын ынталандыру жүйесі бар. «Тарих» ББ бойынша Е.Е.Жармағамбетов, Г.Х.Бижанова «Білім беру саласының үздігі» медаліне ие болса, «Көп жылғы еңбегі мен білім беру жүйесін дамытуға және өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін» ҚР Білім және ғылым министрінің «Құрмет» және «Алғыс хаттарымен» кафедраның аға оқытушылары: Г.С.Конкина, Р.Аймағамбетұлы, Б.А.Елеусов, Л.С.Байбосын, Г.Х.Бижанова,

Г.Т.Каненова марапатталды.

2021-2022 оқу жылында кафедраның аға оқытушысы И.К.Адилбеков Халықаралық даму банкінің Қазақстан Республикасының білім беру әлеуетін нығайту жобасының қатысушысы болды. (Финляндия-Қазақстан).

Кафедраның аға оқытушылары Э.Б.Сақтағанова және Г.У.Ахметшина 2018-2021 жылдары Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-ға 6D020300 – Тарих бағыты бойынша мақсатты докторантурада оқып, қазіргі таңда жұмыстарын жалғастыруда.

Жыл сайын білім ордасының қабырғасынан диплом алып шыққан түлектер, еліміздің түкпір-түкпіріне жұмысқа орналасуға жолдама алып, жол тартды. Қаламыздағы мектептерде педагог-мамандар толықтай институтта оқып шыққан түлектер, оқушыларға білім беріп, еңбек етуде. 2020-2021 оқу жылы бойынша «Тарих» мамандығын 21 студент бітіріп шықса, соларды 19-ы жұмысқа орналасты.

Кафедраның дайындап отырған мамандықтардың аясы кең,

болашағы зор. Сондықтан біз өз шәкірттерімізден үлкен үміт күтеміз. Сенімдерімізді ақтай алатын мамандар бола алатынына сенеміз. Оған қазіргі уақытта республикамыздың бүкіл аймақтарында қоғамның қай саласында болмасын өзін жоғарғы деңгейде көрсетіп жүрген шәкірттеріміз дәлел бола алады. Біз солармен мақтанамыз.

Осылайша, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының ағартушылық идеясы мен дәстүрін жалғастырып, оқу-ағарту, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандырып отырған институт ұжымымен қатар «Тарих» білім бағдарламасының оқытушылары да еліміздің өркендеуіне өзіндік үлесін қосуда. Сол себептен білім мен ғылым жолында институттың бүгінгі шыққан биігі жасампаз білім ордасының әрбір оқытушысының мерейлі мерекесі деп білемін.

Е.ЖАРМАҒАМБЕТОВ,
Тарих және өнер факультетінің аға оқытушысы.